

ЕРШІЛІК ӨНЕРІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ ПАРЕМИОЛОГИЗМДЕР

Ершілік өнеріне байланысты мақал-мәтелдер қазақтың ең қадірлі малы жылқыны қүш-көлік ретінде, салтанат ретінде пайдалануға, оны емін-еркін басқарып-тексеруге, әрбір дene мүшесін сақтап-қорғауға айрықша мән беруден келіп шыққан. Ер-тұрман әбзелдері жылқының қымыл-қозғалысына орнықтылық беріп, шын мәніндегі ер канаты болуына айтартықтай септігін тигізген. Ауыз әдебиетінде: «Көгілдірік, көк денеге жа-расар өмілдірік» деген жолдар кездеседі. Казак батырлары туралы:

Алтынды тұрман, ер, жүген
Атқа тегіс салады.
Айыл-турман бек тартып,
Құйысқаның қысқартып
Жаксылап бекітіп алады, –

деп келетін сипаттамалар халық эпостарында жиі ұшырасады (Батырлар жыры. 6-том. Алматы, 1990, 143-б.).

Қазақ ері мен оның құрамdas бөлім-бөлшектеріне орай қалыптасқан мақал-мәтелдер тілімізде молынан сақталған. Оларды: ер туралы; ердін материалы туралы; ер жасайтын құрал-сайман

туралы; ердің құрамdas жабдықтары туралы; ер жасаудың технологиясы туралы; ер-тұрманың қызметі туралы мақал-мәтелдер деп топтастырып зерттеуге болады.

Ер туралы мақал-мәтелдер. Тілімізде ердің жеке өзіне байланысты қолданылатын отыз шакты мақал-мәтел бар: *Атыңナン айырылсаң да, Ер тоқымыңナン айырылма. Жаман ерден жайдалғым жақсы, Жаман қатыннан бойдалғым жақсы. Төре-ге ерген ер арқалайды, Қожага ерген тери арқа-лайды. Ханга барған адамның ыңыршағы үш күн тулады. Ашамай нарга жасасар, Ақ түйе барға жасасар. Бала ханнан үлкен, Ашамай нардан үлкен. Нар сәүлемі – ашамай. Нарга – ашамай, қоспақ-қа – жазы. Түйесіне қарай жазысы, Биесіне қарай қазысы. Ат арқасына ер батса, аяңышыл келеді. Алтын ерің атқа тисе (батса), Алтынның ал да отқа жақ. Айырылысар дос ердің артқы қасын сұрайды. Есек шарап ішсе, ер-тоқымын сыйға тар-тып, озі жасауыр болар. Ханга ерген ерің құшақтар. Етігін шешпей ер тыңаймас, Ер-тоқымын сыйыр-май, ат тыңаймас. Ер басына күн туса, Ереулі атқа ер салар. Ақылды ердің ішінде Алтын ерлі ат*

жатар; Ақылды әйел ішінде Алтын бесікті үл жатар. Төрт тұрманы түгел бай, Тырнақтай тарту алады. Есекке күміс ер жараспас. Ер-тұрманы алтын болса да, Есектің есек аты қалмайды т.б.

Мұндай макал-мәтеддердің әркайсысының қалыптасуының негіздері мен себептері бар.

Алтын ерің атқа тисе (батса), Алтынын ал да отқа жак. Алтын ер – қымбат, бағалы, сөнді мүлік. Оған кез келген адамның қолы жете бермейді. Алайда халықтың қастерлейтіні сөнді алтын тұрманы емес, аты болған. Сондықтан: «Алтын ерің атқа батса, Алтынын ал да отқа жак» деген макал қалған» [1, 120].

Шынында да алтынның байлық белгісі екендігі күмәнсіз. Бірақ бұл түсініктің өзі де салыстырмалы түрде. Өйткені пайдасы тимей, керісінше зияны тиетін болса, оның құны болмайды. Қандай зат болса да адамға ең алдымен керегі – пайдалылығы, тиімділігі. Тіпті осындағы қымбат заттың өзін «Алтын-күміс тас екен, Арпа-бидай ас екен» деп, оның ас-ауқаттың қасында түкке де тұрмайтынын айтып, қомсынады, менсінбейді. Бұл макалда сөн-салтанат пен аттың қара басы салыстырылып, атқа артықшылық беріліп тұр. Сол сияқты аңшылықта қолданылатын «Мылтығынның күмісін айтпа, тиісін айт» деген макалда да заттың атқаратын кызметіне аса мән берілген.

Төреге ерген ер арқалайды, Қожага ерген тері арқалайды. Төре, қожалар – казак қауымындағы байырғы әлеуметтік топ өкілдері. Бұл макалдың этномәдени мазмұнын академик Ә. Қайдар былайша ашып көрсетеді: «1. Шашбауын көтеріп, атқосшы, шабарман не жолсерік – жора болып төреге ерген адам төрениң қызметінде болуға (атын отқа қоюға, ерттеп беруге), аты табылмаса ерін арқалап жұруге не өз атын беріп, өзі жаяу жұруғе т.б. істерін атқаруға міндетті; ал қожаға ерген адам барған жерінде құдайыға сойылған малдың құран оқыған қожаға берілген тері-терсектерді арқалап, алып жұруге көмектесіп, үйіне апаруға міндетті болған. Макал осыны анғартып тұр. 2. ауыс. әркім өзінің тірлік-тіршілігінде, өнер-кәсібінде өзі артынан еріп, қызметін істеп, тағылымын алып үйренген басшы, жетекші ұстаздарының алдындағы көсіби қызметін атқарып, қалауына лайықты қызметін көрсетуге міндетті дегенді анғартады» [2, 502].

Нарға ашамай жарасар, Ақ түйе барға жарасар. Қазак тұрмысында баланы атқа мінуге үйрету үшін қолданылатын ердің *ашамай* деп аталағын қарапайым түрі болған. Ауқатты отбасылар

оны өшекейлетіп те жасатқан. Ер бала мен қыз бала балалық шақтың бірінші сатысында (3-7 жас аралығында) алғаш рет жыныстық жағынан жіктеле бастайды [3, 52].

Осы уақытта қыз баланың құлағы тесіліп, ендігі жерде міндетті түрде қыз түрінде киіндіріледі; ер балалар сұндетке отырғызылып, айдар қойылып, ашамайға мінгізіледі. Бұлай ету – қалыптасқан рәсім болған. Мұның өзі ерекше оқиға ретінде той жасалып, ат шаптырылған... Балаға арналған ашамай *екі қас, екі қантал, оқпан, тенкішек, қолтырмаш* деп аталағын бөліктерден тұрады [4, 581]. Мұндай ашамай «аттың жалы, түйенің қомында» күн кешкен ата-бабаларымыздың баланы ерте бастан тәрбиелеу жолдарының бірінен көрініс береді.

Ашамайдың екінші түрі малшаруашылығында, көшіп-қону уақытында күш-көлік құралы ретінде қолданылған. Халық тілінде түйеге, өгізге, арба-шанаға жегілетін атқа салынатын ерді *ашамай, ыңғышақ, ашамая, ашақ* [5, 89, 787] деп атаған.

Көш-қон кезінде көштің салтанатын арттыру үшін нар түйеге сөнді ашамай салу, қаракшы тігу (*қарақшы түйе* – көш бастайтын түйе), зер кілем жабу дәстүр болған. Мұны аңғартатын нақты паремиологиялық дерек – *Нар сәулеті – ашамай* деген макал. Бұл макалдың осындағы этномәдени мазмұнын ердің тек атқа емес басқа түліктерге (түйе, өгіз) салынғанын, сөндік қызмет аткарғанын, көлік пен жегін малын байланыстыру қызметін, адамның жас ерекшелігін анықтайтын бүйім болғанын көреміз.

Жаман ерден жайдагым жақсы, Жаман әйелден бойдағым жақсы. Ерді жасайтын материалда, ершінің шеберлігі де әртүрлі болады. Қалай болғанда да атқа жайлы болу керек, олай болмағанда ердің жайсыздығынан ат арқасын алдырады, жауыр болады. Сол үшін ердің әрбір бөлшегі дұрыс өлшеммен, ұқыпты құрастырылуы керек. Халқымыз: «Өнер алды – қызыл тіл» деп бағаласа, Абай сөз шеберлігін «Ер қосқанға ұқсайды сөз сөйлемек» деп тіл шеберлігін ер қосумен салыстырады.

Аттың арқасын алдырмау үшін ердің екі қапталының арасында ойық болуы керек, ол ойықты *оқпан* деп атайды. Оқпан – ерді шалқасынан тастап қарағанда екі қапталдың арасында болатын ойық. Ерді атқа салғанда аттың қыр аркасынан көрінетін, қол жүгіртуге болатындей қуыс. Бұл аттың қыр арқасын бастырмау үшін, қастың ойығымен тең жасалынады [6, 261].

Ер нашар жасалып, ат арқасы жауырға айналғанда, біраз машақаттануға тұра келеді. Ат арқасы ерттеуге келмей қалғанмен, мінбеуге тағы болмайтын жалғыз «шолактар» болады. Сондай кезде екі ішпекті ортасынан қабаттап, ердің екі қапталына бекітеді. Аттың қыр арқасын ашық қалдырады. Мұндай жағдайда оқпанның асты мүлде ашық қалады да, жауырға ештеңе тимейді. Лажсыздан туған осындай амалды «кедей амал», жерлөм деп атайды. Күш-көлік ретінде пайдаланып жүрген сиыр мен түйеге де жауыр болған кезде ерттеудің осындай әдісі қолданылады. Демек, жерлөм – ердің екі қапталының астына, аттың жонына салынатын киіз деген сөз. Сонымен бірге жауыр атқа ерттейтін жерлөм ер деп аталағын ер түрі болған. Жерлөм ер – тоқым салмай ерттейтін, қапталындағы киізі қалың ер [5, 257]. Бұл келтірілген мысалдардан әрбір мақал яки мәтелдің қалыптасуының себебі әртүрлі болатынын көреміз.

Мақал-мәтелдерде ердің құрамдас жабдықтары туралы нақтылы тұжырымдар айтылған: *Айрылысад дос ердің артқы қасын сұрайды. (қас – ердің адам отыратын жері, кіслігі, керсен). Атыңа жансың ашиса, ойылын қатты тарт (бос ойыл аттың терісін қажайды). Жүйріктің тоқымы kenneс (себебі жүйрік ат жиі-жиі мініледі). Қамшы – канат, құйысқан – куат. Қанжыға тон сақтайды, тон жан сақтайды (қанжыға – кейде қажетті затты, ұсталған аң-құсты байлап алып жүргүре арналған ердің екі қапталындағы қайыс таспа). Шеге тағаны сақтайды, Таға тұлпарды сақтайды, Тұлпар ерін сақтайды, Ер елін сақтайды. Шідерлі атың – өз атың, тұсаулы атың – бос атың (шідер – алдыңғы екі аяқ пен аттанар жақ артқы аяққа салынатын тұсамыс; тұсай – аттың алдыңғы екі аяғын тұсап қоятын қайыс, жіп; мақал шідерленген атқа қарағанда тұсаулы аттың алысқа аттап кетуі мүмкін екенін аңғартады). Түйені жүгендемейді, көп малды түгендемейді. Жүгенсіз өскен асаудан ноқта көрген тай артық. Қанатты жылқы қамиши тисе шамданады. Арық атқа қамиши ауыр. Атың жүрдек болса, Қамшың неге керек. Ер басына күн туса, Етігімен су кешер; Ат басына күн туса, Ауыздықпен су ішер. Жаба жауыннан сақтайды, Жады жауырдан сақтайды. Сылбырдың аты шылбырына сүрінер. Жауыр атқа – жіп құйысқан. Есекті жүгендегенмен жылқы болмас т.б. Эрине, бұл мақал-мәтелдердің мазмұнын бүгінгі оқырман, өсіреле жастар түсіне бермеуі мүмкін. Өйткені жоғарыда келтірілген бүйімдар*

көпшілікке беймәлім. Олардың мәнін түсіндіру үшін олардың этномәдени мазмұнын ашу қажет. Осы ретте біз өңгіме болып отырған мақал-мәтелдердің бәрінің емес, бірлі-жарымының ғана этномәдени мазмұнына сипаттاما берумен шектелмекпіз.

Табылмаса таға да қат. Қазак халқының жылқыны ерекше қадірлекендігі ешкімге күмән тудырмайды. Жылқыны басқа халықтар да қадір тұткан. Ертедегі гректердің жылқыны пайдаланып зор маңыз бергендігі сонша, тіпті Сократтың шәкірті, философ-жазушы әрі әскери колбасшы Ксенофонт атты әскерге, командование-сіне атқа міне білуге және басқа мәселелерге арнап 40 кітап жазған екен. Оның кітаптары атты әскерлерге 2000 жыл бойы оқулық ретінде пайдаланып келгенін ғалымдар жоғары бағалайтын көрінеді.

Таулы өлкенің халықтары да, мәселен Арменияда ат тағалау ертеден-ақ қолданылған. Олар атының аяғына тері «қынап» кигізетін болған. Ал римдіктер аттарының аяғына қаңылтырмен ұлтарылған тері «аяқтім» кигізген. Атты тағалауға қатысты: «Тұтас бір елдің аман өмір сүруі жалғыз шегеге байланысты. Өйткені шегеде таға тұр, тағада ат тұр, ал атта адам, адамда қорған, ал қорған мемлекетті қорғайды» деген орта ғасырдан қалған нақыл сөз бар.

Ал парсыларда біздің дәуірімізге дейінгі 558–529 жылдарда атпен салт жүру шеберлігі өнер ретінде қаралып, жасөспірімді тәрбиелеудің басты тәсілінің бірі болып саналған. Сондықтан бала 5 жаста атқа мініп жүріп, кейін ат үстінде отырып зымырап бара жатып ұшқан құсты садақпен аттың түсіретін мергендікке дейін жеткен. Алайда, соның өзінде ер кешірек, біздің заманымызға дейінгі 340 жылдары үzenгісіз түрде жасалыпты, ал үzenгі 200 жылдардан кейін шықса керек дейтін пікірлер бар [7, 51].

Тағаның қызыметіне байланысты ел аузында сакталған мынадай бір аңыз өңгіме бар. «Үлкен бір жында әр елдің сайыпкерлері аттарын тұмшалап, сыншылардың көзінен аулақ ұстағысы келген көрінеді. Сонда Бақанастан Шұбарат пен Керайғыр келген екен дейді. Ат иесі Әшімбек деген кісі атын байлап кете бергенде, тігілген үйдін жанынан желе жортып, анадайдан бір кісі қарап ете береді. Сонда Әшімбек: – Эне отті антүрған сыншы, – деп қалады. Соның артынша: – Елеусіз барып қайтындар, мына екі ат жөнінде не айттар екен өлгі сыншы, – деп екі жігітті жібере қояды.

Сөйтсе олар бәйгеге қосылатын қандай аттар бар, қайсысы бәйге алады деген оймен аралап, сынап жүр екен. Сонда атбеги: – Көп аттың ішінен екі атты көрдім. Екеуі де басы-көзі аяғына дейін түмшаланып, оралып тасталыпты. Сонда да аңғартғаным: – Бірі – кері ат, дағдылы жерден шапса, бас бәйге сонықі, тасты жолмен шапса, бәйгеге іліне қоймас, тұяғы жұқа екен. Екінші – шұбар ат, не он, не он бір жаста. Он жаста болса, екінші бәйге сонықі, он бір жаста болса, бәйгеге іліне қоймас, – дейді. Жанашырлардың бірі ат иесінен ат нешеде еді деп сұраса, шынында он бірде екен. Ат сыншысы айтқандай етіп, жиын иесі де аттарды тасты жолмен жарыстырады. Тасқа шыда-маған кер аттың тұяғы быт-шыты шығып, ақсап қалып, барлық аттың сонында келген екен» [7, 64].

Ат тұяғының тасқа тиіп қажалып, ақсап қалуын *тасырқау* дейді. *Тағаны* ат тұяғы тасырқамасын деп қағады: – *Мен мына бір тагаларды соқтырып алайын, жеріміз тасты, ат тасырқай береді* (Ж. Жұмақанов. Жазылмаған кітап). Бұл – таулы, тасты жер түрғындары арасындағы жаз кезінде ат тұяғын күтудің бір шарасы. Қыс айла-рында тісті таға тағылады (ол атты тайғанап құла-маудан сақтайды). Ал Құнгей, Онтүстік түрғын-дары ат тұяғын топырак пен құмның ыстығынан сақтау шарасы ретінде киізден жасалған ақ бай-пақ кигізіп қойған. Мына бір деректен атқа ақ байпақ кигізуін ауа райына да, жер бедеріне де байланысты шыққанын аңғарамыз. «*Кенжебай шоқша сақалды, кірпігін жыптылықтатып жсі қагатын, ақсары шал екен. Кокеме атын сыйнатуга, бабын көргө келді. Аттың екі құлагы, екі көзінен басқа ештеңе көрінбейді. Төгілдіріп ақ жібек жал-нош жапқан. Онысының шеті жерге сүретіліп, аттың тұла бойын түгел жауып тұр. Төрт аяғы-ның тұяғына ақ киізден байпақ кигізген.*

Кокем оны білмейтіндей-ақ Кенжебай салған жерден атына кигізген ақ байпақ жайында айттын кетті. – Біздің құнгей жасқ тым ыссы гой. Тұяғы балқымасын деп... және таудан астық. Тасырқамасын деп...

...Өзі онсыз да қалайын деп тұрган атты мына шал құртты: – Бәйге шабылатын жердің алгашиқы жартасты құмшауыт, босаң жер. Соңы тасқайраң, қатты. Шаңтимес құмда шауып үйренген. Тұяғы жұқа. Ол сол алгашиқы жартастында жақсы шабады. Соңғы жартастында қала бастайды. ...Атын білген адам жерді де жақсы білсе артық емес» [8, 72-73].

Жинақтайды айтқанда, **тага** – аттың, кеңірек алғанда жұмыс көлігінің тұяғына қағылатын құрал.

Таға жылқы мен қашырдың тұяғы тозбау және табаны таймау үшін олардың тұяғына лайықтап, өлшеніп жасалады. Тарихи жағынан алғанда, алғашқы кезде тұяқты қорғау үшін қабықтан, ...жіптен токылған шұлық немесе шоқай кигізген. Кейінірек аттың аяғына байлап қоюға арналған ілгегі бар темір қолданылған. Қазіргі шегемен қағылатын темір тағаны алғаш рет III ғасырда римдіктер қолданған. Содан бері таға өзгерген жок. Қазак тұрмысында жылқыны ғана тағалайды [9, 514]. Осы жағдайда аңғартатын казақта *Тұлпарды алтын тагамен тагаласа, Есек те емексіп аяғын көтереді* деген мақал бар. Тағаның қыстық және жаздық түрлері болған. Аттың тұяғына қыста *емешкіті тага*, жазда *жайпақ тага* қағылған. Таға көлемі тұяқтың табанымен бірдей болған. Металмен жұмыс істеуді менгермеген, тек ағаштан құрастырып ер жасаушылар немесе ердін иесі тағаны темір ұстасына соқтырып алған. Таға көбінесе қыста қолданылған, сол сияқты таулы, тасты жолмен алыс сапарға шыққанда да тағаны міндетті түрде пайдаланған. Қысқасы, таға жер бедері, ауа райы туралы дәстүрлі біліммен байланысты қалыптастып, ат табанын (тұяғын) ыстық-сүйкіткен, ойылып-кесілуден, жарылып-сынудан, тайғанаудан сақтау қызметін атқарған.

«*Тұлпарды алтын тагамен тагаласа, Есек те емексіп аяғын көтереді*» деген мақалдан тағаның атқа тән зат екенін байқаймыз. Жалпы, бұл мақалдың қалыптасуының тарихи-мәдени, өлеуметтік себептері бар. Есектің жұмыс көлігі екені рас. Көлік болғанда да өте көнбіс, жуас көлік. Алайда бұрынғы кездерде «жатақтар» аталған отырықшы ел болмаса, жалпы көшпелі ауылдар «куші – адал, сүті – арам» бұл жануарды көп пайдаланбаған. Мал түрі ретінде төрт тұліктің сана-тына да қосылмайды. Тіпті Қазақстанның орталық, солтүстік, шығыс, батыс аймақтарында оның атын естігені болмаса, өзін көрмеген адамдар аз болмаған. Жалпы қазақта залалсыз, момын әрі үйреншікті малын бағаламайтын әдет те кездеседі (мысалы: «*Сиыр сипаганды білмейді*», «*Жаман теке сүзеген*», «*Жаман сиыр жазда бұзаулайды*», «*Жалғыз түйе бақырауық*» т.б.). Ертеден көшіп-қонудың ынғайына қарай ат пен түйеге әбден үйренгендерден болар, – әйтеүір қазақ шаруалары есекті көп мaldanbaғan, оны менсін-бegen. Содан болуы керек, осы бір аяқ ылау, арзан көлік жөнінде мақтау сөз жоққа тән. Оның есесіне «*Есек жорға қатқақта, сыры мәлім батпақта*», «*Есектің жүгі женіл болса, жетаған келеді*»,

«Есек семірсе, иесін тебер» т.б. осындай кекетіп-кемсітіп айтатын мақал-мәтелдер аз емес [10, 28].

Олай болса, атты күтіп ұстауға, сақтауға байланысты ойлап шығарылған бұйымдардан олардың атқаратын қызметін ғана емес, жалпы мал – жануар түрлерінің қазақ тұрмысындағы алатын орны жөнінде де дәстүрлі білім мен халықтың дүниетанымынан, психикалық ерекшеліктерінен де қажетті мәліметтер алуға болады.

ӘДЕБІЕТ

1. Мұқанов С. Халық мұрасы. Алматы: Қазақстан, 1974.
2. Қайдар Ә. Халық даналығы. Алматы: Тоганай Т, 2004.

3. Шаханова Н. Мир традиционной культуры казахов. Алматы: Қазақстан, 1988.

4. Қазақстан: Ұлттық энциклопедия. Алматы: Қазақ энциклопедиясының Бас редакциясы, 1998. 1-т.

5. Қазақ тілінің аймақтық сөздігі. Алматы: Арыс, 2005.

6. Бабалықұлы Ж. Ер-тоқым // Ер қанаты. Алматы: Қайнар, 1987.

7. Әлішеров Т. Ардақты түлік // Ер қанаты. Алматы: Қайнар, 1987.

8. Бақбергенов С. Арғымақтар // Ер қанаты. Алматы: Қайнар, 1987.

9. Қазақ совет энциклопедиясы. Қазақ совет энциклопедиясының Бас редакциясы, 1977. 10-т.

10. Адамбаев Б. Халық даналығы. Алматы: Мектеп, 1976.